www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
АЙҒАҚ MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube facebook Telegram
№15 /sársenbi/ 15 sáuir 2026 jyl

# ОРТАҚ ТАРИХ ПЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚОС ЕЛ БАСШЫЛАРЫНЫҢ БЕЙРЕСМИ КЕЗДЕСУІ

*Бұхарадағы тарихи кездесу: рухани сабақтастық пен стратегиялық серіктестік жаңа деңгейге көтерілді*



Қасым-Жомарт Тоқаевтың Өзбекстанға жасаған жұмыс сапары көне Бұхара шаһарындағы қасиетті Бахауддин Нақышбанди мемориалдық кешеніне зиярат етуден басталды. Бұл – ғасырлар қойнауынан сыр шертетін рухани мекенде өткен тағылымды сәт қана емес, бауырлас екі халықтың ортақ тарихи тамыры мен рухани үндестігін айшықтаған маңызды оқиға болды.

Мемлекеттер басшылары мемориалдық кешен құрамындағы медресе, мешіттер мен мұнараны аралап, қасиетті орында Құран бағыштап, халықтарға амандық пен бақ-береке тіледі. Келушілермен еркін пікір алмасып, естелік суретке түсуі – ел басшыларының қарапайымдылығы мен халыққа жақындығын көрсетті. Нақышбандия тариқатының негізін қалаған Бахауддин Нақышбандидің XVI ғасырда салынған кесенесі – бүгінгі таңда күллі мұсылман әлемі үшін маңызды рухани орталықтардың бірі саналады.

Сапар аясындағы бейресми кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев қазақ-өзбек қарым-қатынасының өзекті мәселелерін талқылап, стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдету жолдарын қарастырды. Қазақстан Президенті Өзбекстанды сенімді әрі жақын одақтас ретінде атап өтіп, екі ел арасында ешқандай кедергі жоқ екенін, барлық келісімдер жүйелі түрде жүзеге асып жатқанын жеткізді.

Бұхарадағы бейресми кездесу барысында Өзбекстан Президенті Мемлекет басшысына архив материалдарын табыстады.

Атап айтқанда, Қазақстан тарапына Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи және Рәбия Сұлтан бегім кесенелеріне қатысты 1920-1950 жылдары Өзбекстанда табылған құнды құжаттар, сызбалар және фотосуреттер берілді.

Бұл құжаттардың көбі бүгінге дейін ғылымға айналымға түспеген және тарихи-мәдени құндылығы зор.

Мемлекет басшысы өз сөзінде көне Бұхараның тарихи маңызына ерекше тоқталды. Оның айтуынша, бұл шаһар – орта ғасырларда Шығыстың ірі рухани әрі зияткерлік орталығы болған. Мұнда қазақтың талай зиялысы білім алып, ғылым нәрімен сусындаған. Атап айтқанда, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сынды тұлғалардың ізі қалған бұл мекен екі халықтың тарихи байланысының тереңдігін көрсетеді.

***– Бұхара – Шығыстың орта ғасырлардағы рухани әрі зияткерлік орталықтарының бірі. Бұл шаһар мен қазақ халқының арасында терең байланыс бар. Қазақтың көптеген зиялылары осында білім алған. Мұнда ұлы өркениеттің тынысын сезінесіз,*** – деді Президент.

Өз кезегінде Шавкат Мирзиёев Қазақстанмен арадағы қарым-қатынастың жаңа деңгейге көтерілгенін атап өтіп, бұл бағыттағы Қасым-Жомарт Тоқаевтың рөліне жоғары баға берді. Ол екі ел арасындағы достық пен бауырластықтың ғасырлардан бастау алатынын айтып, бүгінгі келіссөздер нақты нәтижелерге жол ашатынына сенім білдірді.

Кездесу барысында сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту, көлік-транзит, су-энергетика, сирек металдар өндірісі және IT салаларындағы ынтымақтастық мәселелері кеңінен қаралды. Тараптар экономикалық ықпалдастықты арттыруға бағытталған нақты қадамдарды пысықтап, екі ел үкіметтері арасындағы өзара іс-қимылды күшейтуге уағдаласты.

Экология мәселесі де басты назарда болды. Қазақстан Президенті Өзбекстан ұсынған «Таза ауа» бастамасын қолдап, оны бірлесіп жүзеге асыруды ұсынды. Бұл бастама ірі қалалардағы экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған маңызды жоба ретінде бағаланды.

***- Бұл бастама өте өзекті. Алматыдағы экологиялық ахуал да күрделі. Сондықтан «Таза ауа» жобасын бірлесіп жүзеге асыруды ұсынамыз***, - деп атап өтті ел Президенті.

Сапар аясында мемлекеттер басшылары заманауи технологиялар мен өндіріс ошақтарының жұмысымен де танысты. Бұхара облысындағы ахуалдық орталықта өңірдегі барлық жүйелердің тәулік бойы бақылауда екені көрсетілсе, жоғары технологиямен жабдықталған тоқыма кластері өндірістің толық циклін қамтитынымен ерекшеленді. Сонымен қатар, жасанды интеллектке арналған жалпыұлттық хакатонға қатысып, жас мамандардың инновациялық әлеуетіне жоғары баға берілді.

Сапар барысында Арк қамалы, Ляби-хауз кешені және Пои-Калян кешені сияқты тарихи орындар да аралanып, Бұхараның бай мәдени мұрасына құрмет көрсетілді. Бұл нысандар – тек сәулет ескерткіштері ғана емес, тұтас бір өркениеттің куәсі.

Бұхарадағы бұл жоғары деңгейдегі кездесу – Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық серіктестіктің нығайып, жаңа мазмұнмен толыға түскенінің айқын дәлелі. Ортақ тарих пен рухани құндылықтарға негізделген бұл байланыс алдағы уақытта да екі елдің дамуына серпін берері сөзсіз.

**Шолушы.**

## СОЗАҚҚА 1 МЛРД ТЕКШЕ МЕТРГЕ ТІРШІЛІК НӘРІ ЖЕТТІ

Созақ ауданында табиғи тепетеңдікті сақтау бағытында ауқымды жұмыстар жүзеге асуда. Экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында Тасөткел су қоймасынан Шу өзені арқылы өңірге 1 миллиард текше метрге жуық су жіберіліп, бүгінгі таңда оның көлемі 950 миллион текше метрге жетті. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі хабарлады.

Аталған шара – тек су жеткізу емес, тұтас экожүйені сақтауға бағытталған стратегиялық қадам. Мамандардың айтуынша, жіберілген су құм мен тұзды шаңның көтерілуіне тосқауыл болып, өңірдегі экологиялық жағдайды тұрақтандыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл бастама мал шаруашылығын дамытуға да оң әсерін тигізіп, жайылымдық жерлердің өнімділігін арттыруға мүмкіндік бермек.

Экологиялық су жіберудің тиімділігін арттыру мақсатында бұған дейін маңызды инфрақұрылымдық жұмыстар қолға алынған. Атап айтқанда, ұзындығы 120 шақырымды құрайтын Фурманов айналма каналы соңғы 40 жылда алғаш рет механикалық тазартудан өтті. Ені 30-40 метр болатын бұл стратегиялық нысандағы жұмыстар өткен жылдың шілде айында басталып, желтоқсан айының соңында толық аяқталған.

Қылышбай, Құмөзек, Қарабөгет және Сарыөзек елді мекендері арқылы өтетін каналдың су өткізу мүмкіндігі секундына 45–50 текше метрді құрайды. Қазіргі таңда Фурманов гидроторабынан Шу өзені арқылы секундына 105 текше метр су жіберілсе, оның 38 текше метрі аталған айналма канал арқылы Созақ ауданына бағытталып отыр.

Жергілікті тұрғындардың ұсынысы да назардан тыс қалмаған. «Қазсушар» кәсіпорнының мамандары су деңгейін тұрақты бақылау үшін гидрометриялық рейка орнатып, ағынды нақты қадағалауға мүмкіндік жасап отыр. Қазіргі таңда су легі аудан аумағындағы Тасты елді мекенінен өтіп, қосымша 12 шақырым қашықтықты еңсерген.

Бұл жұмыстар – табиғатты қорғау мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудің нақты көрінісі. Созаққа жеткен тіршілік нәрі тек бүгінгі күннің емес, келешек ұрпақтың игілігіне бағытталған маңызды қадам екені сөзсіз.

**«Айғақ»-ақпарат.**



3-бетте

ҰЛТТЫҚ БРЕНДТІ ҰЛЫҚТАП ЖҮРГЕН ОФИЦЕР

4-бетте

АБАЙ ОБЛЫСЫНДА 49 ТУРИСТІК ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

4-бетте

ҰЛЫТАУДАН МАҢҒЫСТАУҒА ТІКЕЛЕЙ ПОЙЫЗ ҚАТЫНАЙДЫ

## ҚАЗАҚСТАНДА ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛДАРЫН ЖАҢҒЫРТУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАЛҒАСУДА

Қазақстанда теміржол вокзалдарын қайта жаңарту және жаңғырту жөніндегі ауқымды бағдарламаны іске асыру жалғасуда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2025 жылы еліміз бойынша 124 нысанды кешенді жаңарту басталды. Бағдарлама жолаушыларға, оның ішінде жүріп-тұруы шектеулі азаматтарға қолжетімділік пен жайлылық деңгейін арттыруға, сондай-ақ навигацияны, қауіпсіздікті және қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған, деп хабарлайды ҚР Көлік министрлігі.

Вокзалдардың шамамен 70 пайызы 30 жылдан астам уақыт бойы күрделі жөндеусіз пайдаланылып келген. Бүгінде 121 нысанда құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Жұмыстар белсенді кезеңде: 36 вокзалда қайта жаңарту жұмыстары аяқталды, оның ішінде 19 нысан 2025 жылы, 17 нысан 2026 жылдың бірінші тоқсанында аяқталды. Тағы 46 вокзалда жұмыстар аяқталу сатысында.

2025 жылы Жақсы, Курорт-Бурабай, Макинка, Шортанды, Ұзын-Ағаш, Шамалған, Сағыз, Мақат, Талдықорған, Ақши, Теміртау, Айса, Құшмұрын, Аманқарағай, Талап, Қазалы, Бозшакөл, Тайынша және Жаңаесіл станцияларында жұмыстар аяқталды.

2026 жылдың бірінші тоқсанында Семиглавый Мар, Мырза, Сарышаған, Көктұма, Агадыр, Қарағанды-Сұрыптау, Жаңақорған, Шиелі, Жетісу, Қарасор, Тобыл, Қалқаман, Доссор, Қызылжар, Саумалкөл, Жалтыр және Аққыстау станцияларында қайта жаңарту аяқталды.

Қалған нысандардағы жұмыстарды ағымдағы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Жаңғырту нәтижесінде жолаушылар заманауи күту залдарына, жаңартылған навигация және ақпараттандыру жүйелеріне, сондай-ақ жетілдірілген инженерлік шешімдерге қол жеткізеді. Бұл елімiздің теміржол инфрақұрылымын халықаралық стандарттарға сай келетін қауіпсіз әрі жайлы деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.



## 512 ТІК ДРЕНАЖ ҰҢҒЫМАСЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Түркістан облысында 512 тік дренаж ұңғымасын қалпына келтіру бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталуға жақын. Жоба аясында Жетісай ауданында 210 ұңғыма, ал Шардара ауданында 302 ұңғыма қалпына келтіріліп жатыр.



Қазіргі таңда 512 ұңғыманың барлығы толық бұрғыланып болды. Нысандарда құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оларды осы жылдың бірінші жартысының соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Жоба нәтижесінде Түркістан облысының Жетісай және Шардара аудандарындағы 101,5 мың гектардан астам суармалы жердің мелиоративтік жағдайы жақсарады деп күтіліп отыр.

«Тік дренаж жүйелері жерасты суы деңгейін тұрақтандыру, топырақтың қайталама тұздану қаупін азайту және суармалы жерлердің жай-күйін жақсарту үшін аса қажет. Жүргізіліп жатқан шаралар су ресурстарын ұтымды пайдалануға және өңірдегі аграрлық сектордың тұрақты дамуына бағытталған», – деді Су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайханов.

## АВТОЖОЛДАРДЫ ЖАҢАРТУ АРҚЫЛЫ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ

2026 жылы Қазақстанда елдің негізгі туристік аймақтарына көлік қолжетімділігін арттыру бағытындағы ауқымды жұмыстар жалғасуда. Республикалық маңызы бар автожолдарды реконструкциялау жол жүру уақытын қысқартып қана қоймай, жол бойындағы инфрақұрылымның сапасын да жақсартады: бұл ішкі туризмді дамытудың маңызды серпіні болмақ, деп хабарлайды ҚР Көлік министрлігі.

Туризмді дамыту бағытындағы маңызды жобалардың ішінде «Бейнеу – Сексеуіл» бағыты ерекше маңызға ие, ол болашақта Каспий теңізіне апаратын жолды ашады. «Орталық – Батыс» дәлізі Торғай өңіріндегі туристік аймақтарды елордамен байланыстырып, саяхатшылар үшін жаңа бағыттарды қалыптастырады. Ал «Өскемен – Рахман қайнары» жобасы Шығыс Қазақстанның туризм саласын дамытуға серпін береді.

Бұдан бөлек, республикалық маңызы бар жолдарды орташа жөндеудің ауқымды жобасы аясында Қазақстанның туристік аймақтарына апаратын бірқатар жол учаскелері жаңартылады. Атап айтқанда, Жаңаөзен – Кендірлі, Өскемен – Қатонқарағай, Көкшетау – Зеренді, Кеген – Қырғызстан шекарасы, Қалқаман – Баянауыл автожолдары қамтылады.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдар туристік аймақтарға қолайлы қатынауды қамтамасыз етуге бағытталған 33 өңірлік жобаны іске асыруда. Бұған қоса, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ облыс әкімдіктерімен бірлесіп, жол бойындағы сервисті дамыту жұмыстарын жүргізуде. 2026 жылы жол бойы сервистің 50 жаңа нысанын салу жоспарлануда. Кәсіпкерлерді қолдау үшін нысандарды күтіп ұстау шығындарының орнын толтыру көзделген.

Алакөл көлінің жағалауына көліктік қолжетімділікті жақсартуға ерекше назар аударылып отыр. Осы бағытта ұзындығы 8,2 км болатын «Қабанбай ауылының айналма жолын салу» жобасы әзірленді, ол елді мекендегі транзиттік жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Аталған барлық шаралардың іске асырылуы автожол желісінің өткізу қабілетін айтарлықтай арттырып, инфрақұрылым сапасын жақсартып, туристік объектілерге жету уақытын қысқартады. Бұл ішкі туризмді дамыту мен жол саласындағы кәсіпкерлерді қолдау үшін жаңа мүмкіндіктер туғызбақ.

## ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛУ ҮШІН ЕМТИХАН ТАПСЫРУ РӘСІМІ ӨЗГЕРЕДІ

**ҚР Премьер-министрінің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің төрағалығымен жүргізуші куәлігін алу үшін емтихан тапсыру рәсімін жетілдіру мәселелері бойынша кеңес өтті, деп хабарлайды Primeminister.kz.**

**Кеңес барысында ҚР Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, жүргізуші куәлігін алу үдерісінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етуге, азаматтар үшін қолайлылықты арттыруға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және жүргізушілерді даярлау сапасын күшейтуге бағытталған нақты шаралар қаралып, бекітілді.**

**Біріншіден, енгізілетін жаңашылдықтарға сәйкес азаматтар жүргізуші куәлігін алу үшін емтиханды ақылы негізде, әрекеттер арасындағы аралықты кемінде 10 күнтізбелік күн сақтай отырып, шектеусіз тапсыра алады.**

**Айта кету керек, қазіргі уақытта азаматтарға 3 тегін мүмкіндік беріледі: алғашқы екі мүмкіндік – 1 күн аралықпен, үшіншісі – 30 күннен кейін. Аталған мүмкіндіктер аяқталған соң қайта оқудан өту талап етілетін, бұл жекелеген жағдайларда азаматтарды жүргізуші куәлігін заңсыз жолмен алуға итермелейтін жағдайлар туғызатын. Жаңа норма рәсімді анағұрлым қолжетімді етіп, артық шектеулерді алып тастауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің тәуекелін төмендетуге мүмкіндік береді.**

**Екінші шара ретінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының Астана қаласындағы филиалы базасында пилоттық жоба шеңберінде осы орталықта қолданылатын академиялық адалдықты қамтамасыз ету технологиялары сынақтан өткізіледі. Кейін бұл технологияларды жүргізуші куәлігін алу үшін теориялық емтихан тапсырудың бүкіл жүйесінде қолдану жоспарланып отыр. Технологияларды апробациялаумен қатар, Ұлттық тестілеу орталығы теориялық емтихан тестілеріне кешенді психометриялық зерттеулер жүргізеді. Бұл зерттеулер олардың көлік құралын қауіпсіз басқаруға қажетті білімді, білік пен дағдыларды шынайы бағалау құралы ретінде жарамдылығын растауға бағытталған.**

**Үшінші және төртінші шаралар аясында емтихан өткізу процесіне жасанды интеллект технологиялары енгізіледі. Атап айтқанда, теориялық емтихан қабылдау кезінде толықтырылған шынайылық (AR), ал практикалық емтиханды бақылауда компьютерлік көру (Computer Vision) технологиясы қолданылады. Бұл тыйым салынған техникалық құралдарды пайдалану тәуекелін азайтып, бұзушылықтарды нақты тіркеуге мүмкіндік береді.**

**Бесінші шара ретінде жүргізуші куәлігін алуға қатысты цифрлық шешімдердің ақпараттық қауіпсіздігін барынша күшейту көзделеді. Осы мақсатта оларды ақпараттандырудың аса маңызды объектілері тізбесіне енгізу мүмкіндігі қарастырылуда. Бұл құқық бұзушылықтар мен рұқсатсыз араласу үшін жауапкершілікті, қылмыстық жауапкершілікке дейін, күшейтуге мүмкіндік береді.**

**Алтыншы маңызды шара шеңберінде әкімшілік жауапкершілікке қатысты нормаларды енгізу қарастырылған. Бұл жауапкершілік қызмет алушыларға да, жүргізуші куәлігін заңсыз алуға жәрдем көрсететін тұлғаларға да қолданылады. Шаралар емтихан тапсыру процесінде**



**бұзушылықтар анықталған жағдайда қабылданады. Олардың қатарына тыйым салынған құрылғыларды, микроқұлаққаптарды, микрокамераларды, сондай-ақ байланыс сигналдарын қабылдайтын және тарататын құралдарды пайдалану жатады. Бұдан бөлек, теориялық емтихан тапсыру құқығынан 1 жылға айыру мүмкіндігі енгізіледі.**

**Жетінші шара ретінде автомектептердің қызметіне қойылатын талаптарды күшейту көзделеді. Олардың жұмысын бағалау кезінде жүргізушілерді даярлау сапасы мен азаматтардың кері байланысы ескеріледі. Сондай-ақ олардың қызметін лицензиялау енгізу жоспарланып отыр. Жүргізушілерді даярлау сапасы төмен болған жағдайда лицензияны толық кері қайтарып алу шарасы қарастырылады.**

**Бетті жинақтап, дайындаған: *Әлия ҚҰРАЛБЕК.***

# ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН 18 ИДЕЯ: ҚАЗАҚСТАНДА ИНКЛЮЗИЯНЫ ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ГРАНТТАР ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Бүгінде Қазақстанның қалалары мен аймақтары әркім бағаланатын қоғамға бір қадам жақындап келеді. Алматы, Шымкент қалаларында, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Түркістан облыстарында шағын гранттар конкурсының басталуы жарияланды.

Бұл үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) өз идеяларын мүгедектігі бар адамдарға өздерін сенімді сезінуге және ел өміріне белсенді қатысуға көмектесетін нақты жобаларға айналдыру мүмкіндігі.

Конкурс Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының (гранттардың бірыңғай операторы) қолдауымен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша өткізіледі, "Эра-KZ" Республикалық қоғамдық бірлестігі іске асырады.

Әрқайсысы 1 000 000 теңгеден 18 грант бөлінеді. Бұл қаражат бағытталған жобалар үшін "отын" болып табылады:

• Мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді және жайлы орта құру.

• Мүгедектігі бар адамдар үшін әлеуметтік интеграция және бейімделу.

• Инклюзия мәселелерін шешуде ҮЕҰ рөлін арттыру.

"Біз тек есептерді ғана емес, аймақтардағы адамдардың күнделікті өмірін өзгертетін тірі бастамаларды іздейміз. Бір миллион теңге — бұл секцияны іске қосу, шеберхана ашу немесе біреуге жаңа өмірге жолдама беретін оқыту өткізу мүмкіндігі", - деп атап өтті ұйымдастырушылар.

Қатысу шарттары

Жарғысы инклюзивті қоғамның дамуымен тікелей байланысты ҮЕҰ ғана қатыса алады. Жобалардың географиясы қатаң анықталған:

• Қала Аумағы: Алматы, Шымкент.

• Облыс: СҚО, Ақмола, Түркістан.

Маңызды: Өтінімдерді қабылдау 13 сәуірден 30 сәуірге дейін (18: 30-ға дейін) жалғасады. Конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстың Ережеге сәйкес ресімдеу қажет.

**Мәліметтерді қайдан білуге болады?**

Өз қалаңызды жақсарту мүмкіндігін жіберіп алмаңыз. Барлық техникалық құжаттар мен өтінім беру ережелері ресми ресурстарда қол жетімді:

• Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының сайты (www.cisc.kz)

• Ұйымның сайты: www.erafond.kz

БАҚ үшін байланыстар: қосымша ақпарат, сұхбат немесе түсініктеме алу үшін www.erafond.kz сайтында немесе 87025603163 нөмірі бойынша көрсетілген контактілерге хабарласыңыз

# ТҮРКІСТАН БАЗАРЛАРЫ БАҚЫЛАУДА



Елімізде қолға алынған Таза Қазақстан бастамасы аясында қоршаған ортаны қорғау мен қоғамдық кеңістіктердің тазалығын сақтау бағытындағы жұмыстар жаңа қарқын алды. Бұл игі іс Түркістан облысында да жүйелі жалғасып, тұрғындар көп шоғырланатын орындар – базарлар ерекше бақылауға алынды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес өңірде сенбіліктер ұйымдастырылып, санитарлық талаптарды күшейту шаралары жүзеге асуда. Осы орайда облыс әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов Түркістан қаласындағы орталық базардың қауіпсіздігі мен тазалық деңгейін арнайы тексеріп шықты.

Бақылау барысында сауда орындарының санитарлық жағдайы, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы, сондай-ақ келушілер мен кәсіпкерлерге жасалған жағдайлар жан-жақты сараланды. Әсіресе, базар аумағындағы тазалық, автотұрақтың қолайлылығы мен жалпы инфрақұрылым мәселелері назардан тыс қалмады.

Тексеру қорытындысы бойынша базар әкімшіліктеріне санитарлық нормаларды қатаң сақтау, сауда орындарын жүйелі түрде дезинфекциялау және қауіпсіздік талаптарын күшейту жөнінде нақты тапсырмалар жүктелді. Сонымен қатар, кәсіпкерлер үшін қолайлы әрі қауіпсіз еңбек жағдайын қалыптастырудың маңыздылығы ерекше атап өтілді.

– Түркістан – киелі ша»ар, облыс орталығы әрі туристер көп келетін өңір. Сондықтан қаладағы әрбір нысан жоғары талаптарға сай болуы тиіс. Базар аумағында қауіпсіздік талаптарын күшейтіп, санитарлық тазалықты сақтау – уақыт талабы. Халыққа да, қала қонақтарына да жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру – басты міндет, – деді Зұлпыхар Жолдасов.

Жалпы, мұндай бақылау шаралары өңірдегі сауда нысандарында тәртіп пен жауапкершілікті арттыруға, халық денсаулығын қорғауға және Түркістанның туристік келбетін жақсартуға бағытталған. Мамандардың айтуынша, бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасып, қоғамдық орындардың сапасы кезең-кезеңімен жаңа деңгейге көтерілмек.

# АРЫСТА ЭЛЕКТРОВОЗДАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНЫП ЖАТЫР



Арыс қаласында теміржол саласын дамытуға бағытталған ірі индустриялық жоба – электровоздарға қызмет көрсетуге арналған заманауи сервистік орталықтың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл бастама өңір экономикасын әртараптандыруға және көлік-логистика әлеуетін арттыруға тың серпін бермек.

Осыған орай Түркістан облысы әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек Электровоз Құрастыру Зауыты ЖШС-нің Батыс және Орталық Азия бойынша басқарушы директоры Жером Бойемен кездесу өткізді. Басқосуда тараптар бірлескен индустриялық-инновациялық жобалардың жүзеге асырылу барысын талқылап, алдағы ынтымақтастық көкжиегін кеңейту мәселелерін жан-жақты саралады.

Кездесу барысында жаңа технологияларды енгізу, өндірістік тиімділікті арттыру және білікті кадрлар даярлау мәселелері де кеңінен сөз болды. Аймақ басшылығы халықаралық серіктестермен әріптестікті нығайту өңір дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті.

– Өңірдегі әрбір инвестициялық жоба – біздің тұрақты бақылауымызда. Электровоздарға қызмет көрсету орталығының құрылысы – экономиканы әртараптандыру жолындағы маңызды қадам. Бұл жоба Арыс қаласының өндірістік әлеуетін арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Биыл нысанды толық іске қосу жоспарланып отыр, – деді Қанат Қайыпбек.

Айта кету керек, Арыс – еліміздегі маңызды теміржол тораптарының бірі. Қалада екі бірдей ірі теміржол станциясы орналасқан және бұл салада 5 мыңнан астам адам еңбек етеді. Жаңа жоба осы әлеуетті одан әрі күшейтіп, саланың сапалық деңгейін жаңа белеске көтермек.

Alstom компаниясының өкілі Жером Бойе өз сөзінде жобаның іске асырылу барысы мен алдағы жоспарларға тоқталып, Қазақстанмен әріптестікті дамытуға мүдделі екенін жеткізді. Оның айтуынша, бұл орталық өңірдегі теміржол инфрақұрылымын жаңғыртуға елеулі үлес қоспақ.

2024 жылы бастау алған жобаның жалпы құны 3,5 миллиард теңгені құрайды. Жоба іске қосылғанда 50 жаңа жұмыс орны ашылып, жылына 1000-ға дейін электровозға қызмет көрсету мүмкіндігі қарастырылған.

Қазіргі таңда құрылыс-монтаж жұмыстарының 40 пайызы орындалған. Барлық қажетті техникалық шарттар алынғанымен, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды толық жүргізу жұмыстары жалғасуда.

Жиын қорытындысында тараптар өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге дайын екендіктерін білдірді. Арыста жүзеге асырылып жатқан бұл жоба – өңірдің индустриялық келбетін жаңғыртып, ел экономикасының дамуына қосылатын нақты үлестің айқын көрінісі.

# ТАЗЫ – БАБАДАН ҚАЛҒАН МҰРА: ҰЛТТЫҚ БРЕНДТІ ҰЛЫҚТАП ЖҮРГЕН ОФИЦЕР

Абай облысында ҚАЖД қызметкері қазақтың тазысын жаңғыртып жүр, – деп хабарлайды Polisia.kz. Абай облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіздік мекемесінде жедел бөлімнің қызметкері, аға жедел уәкіл Дархан Досалинов ҚАЖ органдарында 16 жылдан бері қызмет атқарып келеді. Ол өз қызметінде жоғары кәсібилікті, тәртіпті және қызметтік борышқа адалдықты көрсетіп келеді. Оның қызметі қылмыстық тәртіпті қамтамасыз етумен байланысты және күрделі жағдайларда жоғары зейінді, жедел әрекет етуді және жауапкершілікті талап етеді. Қызмет еткен жылдар ішінде ол өзін жан-жақты, адал, жауапты қызметкер ретінде көрсетіп, әріптестері мен басшылықтың құрметіне ие болды. Сонымен қатар қызметтен тыс уақытта ол мәдени және қоғамдық маңызы бар іспен белсенді түрде айналысады. Бес жылдан астам уақыт бойы Дархан Досалинов қазақтың ежелгі ит тұқымдарының бірі — тазыны өсірумен айналысып келеді. Бұл тұқым — Қазақстанның ұлттық мұрасының маңызды бөлігі. Қазіргі таңда оның үш тазысы бар: екеуі төрт жаста, біреуі екі жаста. Ол олардың дамуын, денсаулығын және күтімін мұқият қадағалайды. Оның айтуынша, бұл тұқымды өсіру жүйелі тәсілді және толық жауапкершілікті талап етеді. Алдағы уақытта ол тазы тұқымын өсіруді жалғастырып, оның тазалығын сақтауға және кеңінен насихаттауға ерекше көңіл бөлуді жоспарлап отыр.

— Қылмыстық-атқару жүйесіндегі қызмет әрдайым үлкен жауапкершілікті талап етеді. 16 жыл ішінде мен сабырлыққа, тәртіпке және жылдам шешім қабылдауға үйрендім. Алайда ішкі тепе-теңдікті сақтау маңызды. Мен үшін мұндай күш көзі — тазы. Бұл жай ғана әуестік емес, бұл — біздің тарихымыздың бір бөлігі. Осы тұқымды өсіру арқылы мен ұлттық мұраны сақтауға өз үлесімді қосып жатқанымды түсінемін, — деді Дархан Досалинов.

— Дархан Досалинов заң мен тәртіп жолында жүрген адал қызметкер ғана емес, сонымен қатар қоғамның рухани және мәдени құндылықтарын сақтауға үлес қосып келе жатқан жанашыр жан. Мұндай қызметкерлер жүйенің оң имиджін қалыптастырып, қоғам сенімін арттырады және жас мамандарға үлгі болады, — деп атап өтті мекеме бастығының орынбасары Нұрболат Сапарғалиев.

Д.Досалиновтың тарихы ҚАЖ қызметкерлерінің тек күштік құрылым өкілдері ғана емес, сонымен қатар елдің мәдени мұрасын сақтауға және қоғамдық құндылықтарды нығайтуға үлес қосатын азаматтар екенін көрсетеді.

Олжас Бектенов Абай облысының туристік әлеуетін дамыту жөніндегі Президент тапсырмасының орындалу барысымен танысты



# 2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН 49 ТУРИСТІК ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Абай облысына жұмыс сапары аясында Семей қаласы әкімшілік іскерлік орталығын дамыту жобаларымен және Алакөл жағалауын дамытудың кешенді жоспарымен танысты. Ұсынылған құжаттар Мемлекет басшысы бастамасымен Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абайға құрмет» республикалық акциясы аясында жүзеге асырылуда.

Премьер-министрге заманауи туристік-рекреациялық аймақ қалыптастыруға бағытталған Алакөл жағалауын дамытудың кешенді жоспары таныстырылды.

Облыс әкімі Берік Уәли өңірдің туризм саласын дамыту аясында 2029 жылға дейін 49 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отырғанын, 2025 жылы Алакөл жағалауының инфрақұрылымын дамытуға 1 млрд теңге бөлінгенін, бұл қаражат жағалауды нығайту жұмыстарын жүргізуге, абаттандыру мен көшелерді жөндеуге бағытталғанын айтты. 2026 жылы бұл мақсаттарға 10 млрд теңге бөлінген. Бұл қаражат инженерлік және көлік инфрақұрылымын жаңғыртуға, сондай-ақ цифрлық шешімдерді енгізуге, оның ішінде бейнебақылау жүйелерін және орынқты мобильді интернет-қамтуды енгізуге бағытталады.

Туристік аймақты одан әрі дамыту мақсатында оның аумағын 300-ден 3 мың гектарға дейін ұлғайту және өткізу қабілетін тәулігіне 75 мың туриске дейін арттыру көзделген кешенді жоспарды түзету жұмыстары жүргізілуде. Түзетулер биылғы қыркүйек айына дейін аяқталады деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ электр желілерін, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін, көлік және коммуналдық инфрақұрылым нысандарын салу жобалары қамтылған.

2025 жылы облыста туризмді дамыту бойынша жалпы сомасы 8,9 млрд теңге болатын 4 жоба жүзеге асырылды.

Премьер-министр әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту, туризмді дамыту және инвестициялық тартымдылықты арттыруды қоса алғанда, облысты кешенді дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Жалпы алғанда, республика бойынша туристік инфрақұрылымдар, оның ішінде келушілерді орналастыру нысандарын жаңғырту және көлікке қолжетімділікті жақсарту қарқынды дамып келеді. Қабылданып жатқан шаралардың арқасында 2025 жылдың қорытындысы бойынша сала өсім көрсетіп отыр, мәселен, ішкі туристер саны 9,1-ден 10,1 млн-ға дейін, шетелдік туристер саны 1,3-тен 1,4 млн-ға дейін ұлғайды. Келушілерді орналастыру нысандарының кірістері 350,6 млрд теңгені құрады, ал инвестициялар көлемі 32,6%-ға өсіп, 1,26 трлн теңгеге жетті.

Осы ретте Семей қаласында Әкімшілік іскерлік орталығы (ӘІО) жобасын жүзеге асыру көзделген. Аумақтың жалпы ауданы 1 мың гектардан асады. Жоба аясында әлеуметтік және іскерлік инфрақұрылымы дамыған жаңа заманауи тұрғын үй ауданын құру жоспарлануда. 2026-2029 жылдар аралығында жалпы ауданы 3 млн шаршы метрден асатын 75 мың адамға арналған тұрғын үй кешендерін, сондай-ақ 17 мектеп пен балабақшаны қоса алғанда, 40-тан астам әлеуметтік, коммерциялық және әкімшілік мақсаттағы нысандарды салу қарастырылған.

Олжас Бектенов қала құрылысына қатысты шешімдердің сапасын қамтамасыз ету және облыс әкімдігі тарапынан кешенді жоспарды жүзеге асыруды тиімді үйлестіру қажеттігін атап өтті.

# АБАЙ ОБЛЫСЫНДА ОРМАН ӨРТТЕРІН ЕРТЕ АНЫҚТАУ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛДІ



Олжас Бектенов «Семей орманы» резерватының жарақтандырылу деңгейін және орман өрттерін ерте анықтау жүйесінің дайындығын тексерді.

Премьер-министр Олжас Бектенов Абай облысына жұмыс сапары барысында «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватында болып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ормандарды сақтау және қорғауда заманауи цифрлық технологияларды енгізу жөніндегі тапсырмаларының жүзеге асырылу барысын тексерді.

Резерват аумағында Премьер-министр орман және дала өрттерін ерте анықтауға арналған, ЖИ негізінде жұмыс істейтін жүйені пилоттық режимде енгізу нәтижелерімен танысты. Аталған технология өрт ошақтарын алыс қашықтықтан және кез-келген ауа райы жағдайында анықтауға мүмкіндік береді.

Мұнда Премьер-министр Олжас Бектенов, экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов және Абай облысының әкімі Берік Уәлидің қатысуымен орман өрті бойынша оқу-жаттығу өткізілді. Резерват мамандары өрт сөндірушілермен бірлесіп, цифрлық технологиялардың тиімділігін және өрт сөндіру қызметінің өзара әрекеттесу алгоритмін көрсетті.

Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Нұрлан Құрмалаев заманауи тепловизиялық және оптикалық камераларды пайдалана отырып, тәулік бойы бейнемониторинг кешендері өрт белгілерін бастапқы кезеңде автоматты түрде анықтайтынын баяндады. Өрт немесе түтін анықталған жағдайда жүйе Жедел басқару орталығына бірден сигнал жолдайды, бұл өрт ошақтарын жедел оқшаулауға және жоюға мүмкіндік береді. Орталық камералардан алынған кескіндерді нақты уақыт режимінде көрсетуге арналған бейне қабырғамен, сондай-ақ стационарлық радиостансамен жабдықталған. Мұндай орталықтар Абай облысының 7 ауданында орналасқан «Семей орманының» барлық 10 филиалында ашылған. Өртті ерте сөндіру жүйесі 100-ден астам сынақтан өткізілген. Қазіргі уақытта оны жетілдіру бойынша жұмыстар, оның ішінде алты метеокешенмен және құрғақ найзағай соғуын анықтауға мүмкіндік беретін найзағай бағытын анықтау стансасымен интеграциялау жұмыстары жүргізілуде.

Президент тапсырмасына сәйкес, өртті ерте анықтау технологиясы бүкіл еліміз бойынша кезең-кезеңімен кеңейтілуде. Ақмола облысындағы бес орман шаруашылығы мен Астана маңындағы екі орықта, сондай-ақ Қарқаралы және Баянауыл ұлттық парктерінде жүйенің екі кезеңді енгізілуі туралы «Қазақтелеком» АҚ цифрлық бизнес дивизионының бас директоры Бақтияр Қожахметов баяндады. Іле-Алатауы, Сайрам-Өгем ұлттық парктерінде және «Көлсай көлдері» МҰТП-да жұмыстар аяқталуға жақын. Үшінші кезең Шығыс Қазақстан облысындағы 10 орман шаруашылығын және Катонқарағай ұлттық паркін қамтиды. Осылайша, биылғы шілде айында еліміздің 24 табиғи паркі мен орығының өрт қаупі жоғары аймақтарын қамтуды аяқтау, қыркүйек айында барлық жүйені өнеркәсіп мақсатында пайдалануға беру жоспарланып отыр.

«Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес біз орман қорын қорғаудың түбегейлі жаңа стандарттарын енгізіп жатырмыз. Ормандағы қалпына келтіріп қана қоймай, төтенше жағдайлардың алдын алуға да бағытталған жүйелі шаралар қабылдануда. Президент айқындаған негізгі бағыттардың бірі – цифрландыруды енгізу. Өткен жылы резерватта 510 мың гектар аумақты қамтитын, 37 заманауи камерамен жабдықталған өртті ерте анықтау жүйесі енгізілді.

Технологияларды тікелей патрульдеу шараларымен нығайту қажет. Бұл өте маңызды. Сондықтан өрт қаупі жоғары кезеңде орман күзетінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп, ол барлық қауіпті аймақтарды қамтуға тиіс. Жүргізіліп жатқан жұмыс «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасының мақсат-міндеттеріне толық сәйкес келеді, оның шеңберінде біз табиғи ресурстарды сақтап қана қоймай, азаматтардың экологиялық мәдениетін де арттырамыз», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

# ӘУЕДЕ НАСИХАТТАЛҒАН ҚАЛА: АЛМАТЫ ТУРАЛЫ ЕНДІ ASMAN AIRLINES ҰШАҒЫНДА ДА ОҚУҒА БОЛАДЫ

Қырғызстандық Asman Airlines әуекомпаниясы Almaty Tourism Bureau ұйымымен бірлесіп, Алматыны өзінің борттық журналында таныстырды. Басылым беттерінде жолаушыларға қалада қайда барып, нені көруге болатыны, қалай демалып, уақытты қызықты өткізуге болатыны туралы ақпарат ұсынылған. Олардың қатарында мәдени орындар, гастрономия, белсенді демалыс пен тау туризмі бар.

Мұндай формат Алматыны әлеуетті туристерге ең қолайлы сәтте – сапар кезінде таныстыруға мүмкіндік береді. Ұшу барысында жолаушылар жаңа бағыттар мен демалыс идеяларына көбірек назар аударады. Бұл қаланың танымалдылығын арттырып, оның тартымды туристік имиджін нығайтуға және саяхатшылардың қызығушылығын күшейтуге ықпал етеді.

«Бұл жоба туристік сала мен әуе тасымалдаушы арасындағы тиімді әріптестіктің нақты үлгісіне айналды. Осындай ынтымақтастық сыртқы нарықтағы ілгерілету мүмкіндігін кеңейтіп, жаңа аудиторияны тартуға жол ашады», — деді Almaty Tourism Bureau ұйымының MICE бөлімінің басшысы Санжар Қалешов.

Алматы туралы материалдардың борттық журналда жариялануы — қаланы өңірдегі заманауи әрі тартымды туристік бағыт ретінде ілгерілетуге бағытталған жүйелі жұмыстың тағы бір маңызды қадамы.

# ҰЛЫТАУДАН МАҢҒЫСТАУҒА ТІКЕЛЕЙ ПОЙЫЗ ҚАТЫНАЙДЫ




2026 жылғы 1 сәуірден бастап Жезқазған теміржол вокзалынан Маңғыстау облысына дейін тікелей жүрдек жолаушылар пойызы іске қосылады.

Жаңа бағыт туризмді дамытуға, сондай-ақ өңіраралық іскерлік және еңбек байланыстарын нығайтуға мүмкіндік береді. Осы мақсатта Қарағанды – Жезқазған бағыты бойынша қатынайтын жолаушылар пойызының маршруты Маңғыстау станциясына дейін ұзартылды.

Енді жолаушылар Жезқазған қаласынан Маңғыстау өңіріне тікелей қатынай алады.

Жол жүру уақыты шамамен 29 сағатты құрайды. Жиілігі - аптасына 2 рет.

Пойыз билеттері сатылымға шығарылды.

# АИДА БАЛАЕВА АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТУРИСТІК НЫСАНДАРДЫҢ ЖАЗҒЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҒЫН ТЕКСЕРДІ



ҚР Премьер-министрінің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мен Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов Алматы облысындағы туристік нысандардың жазғы маусымға дайындығын тексерді.

Жұмыс сапарына орталық мемлекеттік органдардың, Үкімет аппаратының өкілдері, сондай-ақ Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев қатысты.

Тексеру барысында Қонаев қаласындағы коммуналдық жағажайлар мен «ASP Arena» көпфункционалды кешені қаралды. Облыс әкімдігі мен бейінді қызметтер санитариялық дайындық, қауіпсіздік шаралары, медициналық, құтқару және құқық қорғау қызметтерінің жұмысы, сондай-ақ демалушыларға қолайлы жағдай жасау жөнінде баяндады.

Аида Балаева нысандардың толық дайындығын дәл қазірден бастап қамтамасыз ету қажеттігіне ерекше назар аударды. Сонымен қатар халықпен уақытылы түсіндіру жұмыстарын жүргізудің, судағы қауіпсіздікті, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және қоғамдық тәртіпті сақтаудың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен бірге барлық жағажайлар мен демалыс аймақтары әкімдіктердің қарауында емес екені де арнайы айтылды. Осыған байланысты Аида Балаева жекеменшік нысандардың иелері де тазалыққа, қоғамдық тәртіпке, инфрақұрылымның жай-күйіне және ең алдымен адамдардың судағы қауіпсіздігіне толық жауапкершілікпен қарауға тиіс екенін айтты. Облыс әкімдігіне демалыс аймақтары иелерінің атына қауіпсіздікті қамтамасыз ету, санитариялық талаптарды сақтау және жазғы маусым кезеңінде жұмысты тиісті деңгейде ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдар қамтылған тиісті хабарламалар әзірлеу тапсырылды.

Бұдан бөлек, туризм және спорт министріне туристік нысандар иелері мен жеке компаниялардың қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз етуіне, қауіпсіздік талаптарын сақтауына және белгіленген нормаларды орындауына қатысты жауапкершілігін реттейтін құқықтық тетіктерді пысықтау тапсырылды. Жекеменшік демалыс аймақтары азаматтар мен мемлекет алдындағы тиісті жауапкершіліксіз тек коммерциялық қызметпен ғана шектелмеуге тиіс екені баса айтылды.

Премьер-министрдің орынбасары туристік аймақтарда жұмыс істейтін қоғамдық тамақтану орындары мен өзге де сервистік нысандар қызметінің заңдылығын бақылау қажеттігіне де айрықша назар аударды. Уәкілетті органдарға еңбек заңнамасының сақталуын, қызметкерлермен, оның ішінде жұмысқа тартылатын жастармен және студенттермен жасалған еңбек шарттарының болуын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі талаптарының орындалуын тексеруді қамтамасыз ету тапсырылды. Азаматтардың құқықтары толық көлемде сақталуға тиіс екені атап өтілді. Бұл демалушылардың да, жергілікті тұрғындар мен қызметкерлердің де құқықтарына бірдей қатысты.

Сонымен қатар көлік логистикасы, автотұрақтардың жеткіліктілігі, жол қозғалысын ұйымдастыру және жаппай демалыс орындарындағы көлік ағынын реттеу мәселесі де көтерілді. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік талаптарын бұзуға қатаң әрекет ету қажеттігі бөлек көрсетілді. Аида Балаева барлық белгіленген талаптар мүлтіксіз сақталуға тиіс екенін, ал құқық бұзушыларға қатысты шаралар уақтылы әрі заңнамаға сәйкес қабылдануы қажет екенін атап өтті.

«Таза Қазақстан» идеологиясы жай ұран болып қалмай, туристік нысандардың жай-күйінен көрініс табуы керек, — деді Аида Балаева.

Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша Премьер-министрдің орынбасары аумақтардың санитариялық жағдайын күшейтуді, инфрақұрылым мен қауіпсіздік қызметтерінің дайындығын қамтамасыз етуді, халықпен профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жандандыруды, сондай-ақ коммуналдық және жекеменшік демалыс нысандарына жүйелі бақылау орнатуды тапсырды. Сонымен бірге заңдылықтың сақталуына, азаматтардың еңбек құқықтарын қорғалуына және меншік иелерінің қауіпсіздік, тәртіп пен көрсетілетін қызмет сапасы үшін жауапкершілігіне ерекше мән берілді.

# ҮНДІСТАНДЫҚТАР МАҢҒЫСТАУҒА ИНВЕСТИЦИЯ САЛУҒА НИЕТТІ

Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары Асхат Оралов Қазақстан Республикасындағы Үндістан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Сайлас Тангалмен кездесті.

Кездесу барысында тараптар көлік-логистика, өнеркәсіп, туризм, цифрлық технологиялар және мәдени-гуманитарлық байланыстар салаларындағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын талқылады.

Асхат Оралов өңірдің әлеуетін таныстырып, оның елдегі маңызды көлік-логистикалық және инвестициялық тораптардың бірі ретіндегі стратегиялық маңызын атап өтті.

– Маңғыстау облысы бүгінде Каспий маңындағы стратегиялық даму нүктесі ретінде қалыптасып, Қазақстандағы негізгі логистикалық және инвестициялық хабтардың біріне айналуда. Біз Үндістанмен жүйелі әрі ұзақ мерзімді әріптестікке ашықпыз және өнеркәсіп, логистика, туризм, жоғары технологиялық салалар және басқа да бағыттарда бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін барынша қолайлы жағдай жасауға дайынбыз. Маңғыстау облысына инвестиция салуға деген дайындықтарыңыз екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға және бірлескен бастамаларды табысты іске асыруға кең мүмкіндік береді, – деп атап өтті Асхат Оралов.

Кездесуде туризм саласын дамытуға да ерекше мән берілді. Өңірдің бірегей табиғаты, киелі нысандары және Каспий теңізіне шығу мүмкіндігі оның халықаралық туризм орталығы ретіндегі әлеуетін арттыра түседі.

Үндістан Елшісі Сайлас Тангал Маңғыстау облысының экономикалық және инвестициялық әлеуетіне жоғары баға беріп, үнді тарапының әріптестікті одан әрі нығайтуға және бірлескен жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық танытатынын жеткізді.

